



«Алтын сақа»
математикалық олимпиада
3 сынып
I кезең
2024-2025 оқу жылы

Аты-жөні:
Сыныбы:

Барлығы 100 үпай, уақыты 60 минут

I. Дұрыс жауапты тандау (Әр тапсырма үшін берілген төрт жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). ($4 \text{ үпай} \times 7 = 28 \text{ үпай}$)

1. Қосуды көбейту түрінде жазыңыз: $6 + 6 + 6 + 6 + 6 + 6$

- A. 6×4 B. 6×5 C. 6×6

- D. 6×7

2. Жүздігі бірлігінен 5 бірлікке кіші санды белгілеңіз.

- A. 61 B. 409 C. 555

- D. 904

3. Есептеңіз: $10 - 9 + 8 - 7 + 6 - 5 + 4 - 3 + 2 - 1$

- A. 4 B. 5 C. 6

- D. 7

4. Қайрат бірінші күні 8 бет кітап оқыды. Екінші күні одан 9 есе көп оқыды. Қайрат екі күнде қанша бет кітап оқыды?

- A. 72 B. 80 C. 81


- D. 90

5. Мақсат 12 жаста болғанда Мақсат пен Саматтың жастарының қосындысы 26 жасқа тең болды. Самат неше жаста болғанда Мақсат 18 жасқа толады?

- A. 8 B. 11 C. 14

- D. 16

6. Жемістерді тәмендегідей тізіліп тұр. Ахмет осы тізбектің сол жағындағы 2-ші жемісті, яғни -ны жеді. Кейін Шерхан келіп жаңадан санап, сол жақтағы 2-ші жемісті, кейін дәл осылай Бекзат, сосын Олжас жеді. Олжас қай жемісті жеді?



7. Салмақтары 1,2,3,4,5 және 6 кг болатын алты гір тасы бар. Олардың бесеуі суретте көрсетілгендей табақшалы таразының үстінде тұр, ал біреуін қолданылмады. Қолданылмаған таразының салмағы қандай?



- A. 1 кг

- B. 2 кг

- C. 3 кг

- D. 4 кг

II. Дұрыс жауапты тандау (Әр тапсырма үшін берілген бес жауап нұсқасының біреуі ғана дұрыс). ($5 \text{ үпай} \times 6 = 30 \text{ үпай}$)

1. Тендеуді шешіңіз. $3 \cdot 4 + x = 5 \cdot 6$

- A. 8 B. 18 C. 21 D. 42 E. 90

2. 5 бірдей тиынның салмағы 45 грамм. Дәл сондай 7 тиынның салмағын табыңыз.






- A. 50 грамм B. 54 грамм C. 56 грамм D. 63 грамм E. 72 грамм

3. Төмендегі әр фигураның және сақаның астында сан жасырылған. Сақаның астында жасырылған сан нешеге тең?

$$\begin{array}{l} \square + \bigcirc = 11 \\ \bigcirc + \bigcirc = 12 \\ \triangle + \bigcirc = 13 \\ \square + \triangle = ? \end{array}$$

- A. 10 B. 11 C. 12 D. 13 E. 14

4. Әр кішкентай шаршының салмағы 10 грамм болатын шоколад плиткалардан сандар жасалды. Қай санды жазуға аз шоколад кеткенін табыңыз.



$$\square = 10 \text{ грамм}$$

- A. 1


- B. 2

- C. 3

- D. 4

- E. 5

5. Үймедегі кірпіштер белгілі бір заңдылықпен орналасып жатыр. Келесі алтыншы үймеде неше кірпіш болуы керек?



- A. 15

- B. 18

- C. 20

- D. 21

- E. 25

6. ■ логикалық амалы үшін келесі заңдылықпен орындалады.

$$\blacksquare 321 = 123; \blacksquare 612 = 126; \blacksquare 619 = 169.$$

Төмендегі жауаптардың ішінен ең кішісін белгілеңіз.

- A. ■849

- B. ■964

- C. ■476

- D. ■849

- E. ■893

III. Бос орынды толтыру (Әр тапсырма үшін қалдырылған бос орынға есептің жауабын жазу керек). ($6 \text{ ұпай} \times 7 = 42 \text{ ұпай}$)

- Екі санның көбейтіндісі 13-ке тең. Осы екі санның қосындысы нешеге тең? []
- 1, 7 және 9 цифрларынан тұратын неше сан 400 санынан кіші? []
- Төмендегі бос орынды толтырып, кестедегі ең үлкен санды табыңыз. []

	+10	+32	+24
15	25	47	39
42			
67			

- Әр қатар тұрған екі ағаштың арақашықтығы 4 метр болатындей, жолдың бойында 7 ағаш егілді. Екі шеткі ағаштың арасы неше метр? []
- Нұрдәулеттің туған күні 9-шы айдың 26-шы күні, ал Аянның туған күні 9-шы айдың 9-шы күні. Аянның туған күні жексенбі күніне тұсті. Нұрдәулет өзінің туған күнін аптаның қай күні тойлайды? []
- 52681 санының екі цифрын өшіру арқылы алуға болатын ең үлкен сан нешеге тең? []
- 3 “А” сыныбында 24 оқушы бар. Мирас және тағы басқа 5 ұл сабакқа келмеген күні ұлдардың саны қыздардың санынан 2-ге артық болды. 3 “А” сыныбында неше қыз бар? []